

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 желтоқсандағы N 1379 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 11 сәуірдегі N 351 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 19 қыркүйектегі N 1411 Қаулысымен

*Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.09.19. N 1411 Қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы азаматтарының салымдарына өтем жасау туралы" 2002 жылғы 28 желтоқсандағы N 1006 Жарлығының 5-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 желтоқсандағы N 1379 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:

IV "Шығындар" деген бөлімінде:

14 "Борышқа қызмет көрсету" деген функционалдық тобында:

217 "Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі" әкімшісі бойынша:

042 "Үкіметтік борышқа қызмет көрсету" деген бағдарламасында:

011 "Заемдар бойынша сыйақыларды (мүдделерді) төлеу" деген кіші бағдарламасында "43 670 170" деген сан "42 815 170" деген санмен ауыстырылсын;

030 "Заемдарды орналастырғаны үшін комиссиялық төлем" деген кіші бағдарламасында "22 862" деген сан "877 862" деген санмен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*